ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ
БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«№268 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ШКОЛА – ЛИЦЕЙ № 268»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ
КЫЗЫЛОРДА УПРАВЛЕНИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ
«31» 05 20 23 ж./г.
Махамбетов ауылы

ПРИКАЗ
№ 57 н.д.
село Махамбетова

**Бастапқы әскери даярлық**
**пәнінің аяқталуы туралы**

"Бастапқы әскери даярлықты ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ оның оқу-материалдық базасын қалыптастыру туралы" және Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің 2017 жылғы 12 шілдедегі № 347 бұйрығына, Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің 2023 жылғы 30 мамырдағы «Білім беру ұйымдарында бастапқы әскери даярлық пәнінің аяқталуы туралы» №102 н/қ бұйрығына сәйкес

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2022-2023 оқу жылының аяқталуына байланысты Қазақстан Республикасының Әдістемелік нұсқаулық бағдарламасына сәйкес, мектеп бітіруші сыныптарының бастапқы әскери даярлық пәні сабағының оқытылуы тоқтатылсын.
2. 2023 оқу жылының бітіруші сыныптарына бастапқы әскери даярлық пәнінде алған қорытынды бағасы бекітіліп, орта білім беру аттестатына түсірілсін.
3. 10 сынып оқушыларын жазғы демалыс күндері сауықтыру, әскери-патриоттық және спорттық іс-шаралар ұйымдастырылып, жасөспірімдердің өмір қауіпсіздігі мен денсаулығы мектептің сынып жетекшілерінің назарында болсын.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Қалжановаға жүктелсін.

№268 мектеп – лицей директоры М.Абильдаев

«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«№268 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Шығыс № 283
«31» 05 2023 ж.

**Қызылорда қалалық білім**
**бөлімінің басшысы Е.Бодановқа**
**№268 мектеп – лицейі әкімшілігінен**

2022 – 2023 оқу жылы бойынша АӨТД және әскери рухтық тәрбие жұмыстарының есебін жолдайды.

**№268 мектеп – лицей директоры** **М.Абильдаев**

*Орындаған: Утебаева.А.К*

*Тел: 21-17-40*

2022 – 2023 оқу жылы бойынша №268 мектеп – лицейінің АӘТД және әскери рухтық тәрбие жұмыстарының есебі.

1. №268 мектеп – лицейінің директоры: Абильдаев Мейрамбек Токмырзаевич
Тел 21-17-40
(тегі, аты, әкесінің аты, жұмыс телефоны)

2. АӘТД оқытушы – ұйымдастырушысы:
Утебаева Альбина Канатовна
(тегі, аты, әкесінің аты, жұмыс телефоны)
28.11.1990 білімі жоғары
туған жылы, білімі)

3. АӘТД бағдарламасы:
толық орындалды
(орындалды, орындалған жоқ, қандай себептермен)

4. АӘТД курсын 77 оқушы аяқтады, оның ішінде 32 ер бала, 45 қыз бала. АӘТД пәні сабағынан есептелінді қойылды.

(есептелінді қойылмаса оның себебін көрсету)

5.Әскери дала-оқу жыйыны сабақтарына № 268 мектеп – лицейінен 21 оқушы қатысты

6. Қатыспаған 1 адам.
(себебін көрсету)

7. Қамтамасыз етілуі
әскери кабинет толықтырылуда
(қандай заттар бар екенін, нелердің жетіспейтінін, қай заттардың есептен жетіспейтін құрал: Газтұмылдырық , пневматикалық винтовка
шығарылғандығын, АК-74 макеті бар есебін көрсету)

8. Әскери – рухтық тәрбие жұмыстары:

2023 жылдың наурыз айының 10-ы күні №268 мектеп-лицейінің 11-сынып оқушылар арасында жоғарғы оқу орнына түсуге үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді.

Ақмола облысы Щучинск қаласында орналасқан Қорғаныс министрлігінің Шоқан Уалиханов атындағы Әскери колледжі,Құрлық әскерлерінің Әскери институты,Әуе Қорғаныс Күштерінің әскери институты,Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институты,ҚР ҚМ Әскери колледжі туралы Қалалық Қорғаныс істер басқармасының бастығы полковник А.Чункунов мырза және А.Ермекбайқызы келіп осы әскери оқу орындары туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Жоғарғы оқу орнының мақсаттары мен міндеттерін, қабылдау шарттары түсіндірілді.Оқу орнына қабылдау үшін құжаттарды ұсыну тәртібімен ережелерін түсіндірме жүргізілді.Оқу орнына қызығушылық танытқан оқушылардың сұрақтарына жауап алынды.Негізгі мақсаты Қарулы күштер қатарына әскери кадр даярлау екенін,сапалы білім алу үшін барлық жағдай жасалғандығын, спорт түрлерінен жарыстар жиі өткізілетіндігін айтып, таратпа материалдар таратылды. Сондай-ақ қызығушылық танытқан оқушылардан сұрақтар қойылып, жауаптар алынды.

№268 мектеп-лицейі 15 ақпан Кеңес әскерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына ақпан Кеңес әскерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 34 жыл толуына орай «Ауғанның отты жалыны»тақырыбында іс –шара ұйымдастырылды. Ауған соғысына 34 жыл толуына орай ақпан айының 13-ші жұлдызында №268 мектеп-лицейінің

АӘжТД оқытушы-ұйымдастырушысы Утебаева Альбина 10-сынып оқушыларымен бірге Ауған соғысының ардагері Баймаханов Қайриддин ағамызбен кездесу ұйымдастырылды.

Кездесу барысында оқушылар ағаймен сұхбаттасып, көкейде жүрген сұрақтарын қойып, өздеріне қажетті жауаптарды алды. Ағай болашақ ел қорғаушыларға басынан өткен оқиғаларымен бөлісіп, елін, жерін,халқын қорғауға міндетті екендерін түсіндіріп, патриоттық сезімдері одан әрі нығая түсті, ел алдындағы жауапкерішліктерін сезіне білді. Сұхбаттан соң оқушылар әскери-техникалық музейін аралап, танысты. Ауған соғысының ардагері Баймаханов Қайриддин ағай оқушыларға ізгі тілектерін жеткізді. №268 мектеп-лицей әкімшілігі атынан алғыс айтылып, марапат қағазы ұсынылды.Ағаймен кездесуден оқушылар өте жақсы әсер алды.

2022 жылдың 19-шы қарашада Қазақстан Республикасының Қызылорда обылысына қарасты ҰҚК комитетінің шекара қызметкері капитан Құлахметов Серік Бақытбекұлы №268 мектеп- лицейінің 10-11 сынып оқушыларына шетел мемлекеттерімен Қазақстан Республикасының ҰҚК-не қарасты шекара академиясы әскери оқу орны туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді,оқушылар көкейіндегі жүрген сұрақтарын қойып,қажетті мағұлматтар алды.Мектептің АӘжТД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы Утебаева Альбина оқушыларға ҚР қорғаныс министрлігіне қарасты жоғарғы әскери оқу орындарына және Кадет әскери оқу орындары туралы мәліметтер берді.

2022 жылдың 6-шы желтоқсанда,Ел өміріндегі бірқатар мәселелерді шешу көп жағдайда азаматтық қоғамның даму деңгейіне, жоғары патриоттық сананың қалыптасуына, өз еліне деген мақтаныш сезіміне, Отанының мүдделерін қорғау жөніндегі азаматтық борышты орындауға тікелей байланысты. Елін сүю, Отанын қорғау қашаннан ер жігіттің парызы болған. “Отан от басынан басталады” дейтін халықтың ұрпағы бұл сенімнен шыға алып жүр ме? “Отаншыл сезім жас ұрпақ бойына қайдан беріледі? Қазіргі күні жастарымыздың бойындағы отаншыл рух, патриоттық сезім қандай деңгейде?” деген сауалдардың бізді ойландыруы заңдылық. Осы орайда, әскери-патриоттық рух қалыптастыру, азаматтарымыздың Отан алдындағы борышын өтеуге шақыру мақсатында «Ер-елінің қорғаны» атты кездесу ұйымдастырылды.Шараға Қызылорда облысының қорғаныс істері жөніндегі департаментінің тәрбие идеологиялық және әскери патриоттық жұмыстар басқармасының бастығы подполковник Жақыпов Алмат Алмасұлы, «Қарулы Күштерінің ардагерлері» РҚБ Қызылорда облыстық филиалының төрағасы запастағы подполковник Ршаусов Мыңділда Сағидуллаұлы, «Жас Сарбаз» жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы РҚБ Қызылорда облыстық филиалы төрағасының орынбасары Жақашов Абзал Құрманғазыұлы .№268 мектеп-лицей оқушылары және АӘжТД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы Утебаева Альбина қатысты. Аталмыш шара қонақтары жастарға патриоттық тәрбие беруде жүргізіліп жатқан кешенді жұмыстарға тоқталып, әскерді ұстап тұрған – рух болса, қазір елімізге рухты әскер екі есе қажет екендігін ескерте отырып, жастарға үлкен үміт пен жауапкершілік жүктелетінін жеткізді. .№268 мектеп-лицей оқушылар көкейіндегі жүрген сұрақтарын қойып,қажетті мағұлм аттар алды.

№268 мектеп-лицейінде Ұлы Отанды сүюге, ерлік көрсеткен батырлардың бойындағы ержүректілік, отан сүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерін дәріптеу, Отанын, елін қорғай білуге тәрбиелеу мақсатында 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні және 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күніне арналған «Елім деп соғар жүрегім» атты мерекелік кеш өтті.

Салтанатты жиынды мектеп-лицей директоры М.Абильдаев құттықтау сөзімен ашты. Жас ұрпақты тарихымызды тереңінен тануға баулып, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру керектігін және егеменді еліміздің тыныштығы мен бейбітшілігін қорғау әр азаматтың қасиетті борышы екенін басып айтты.

Шара барысында 10-11сынып оқушыларына ҚР Қорғаныс Министрлігінің әскерге шақыру учаскесіне тіркеу туралы куәліктері табысталды. Отанға адал, елге қайырымды, отбасына мейірімді болыңыздар. Жүректеріңіз оттай лаулап, жандарыңыз әрдайым жас болсын. Қайратты, мақсатты болыңыздар.

№268 мектеп-лицейінде "**Мен өз елімнің патриотымын**" тақырыбында 10-11сынып оқушылар арасында әскери - патриоттық сайыс өтті. Аталған жарыстың мақсаты: оқушылардың денсаулығын нығайту және өскелең ұрпақты Отан сүйгіштік рухта тәрбиелеу; оқушыларға әскери-патриоттық спорт түрлерін насихаттау арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру; жеке және әскери дайындығы жоғары оқушыларды анықтап, құрама командасын жасақтау. Жарыстың бағдарламасы бойынша 1) Саптық дайындық элементтерін орындау, саппен ән байқауы 2) Әскери медициналық алғашқы көмек 3)ГП-5 газ тұмылдырығын кию жаттығу.4)Қол күрес 5)Гир тасын көтеру.Жарыстың қорытындысы бойынша жеңімпаз болған оқушылар марапатталалды.

2023 жылдың наурыз айының 10-ы күні №268 мектеп-лицейінің 11-сынып оқушылар арасында Кадет корпусына түсуге үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді.

№268 мектеп-лицейі Ұлы Жеңістің 78 жылдығы қарсаңында N268 мектеп-лицейінің Мектеп Парламенті ұйымы және мектеп тәлімгері Рахманкулова Н. АӘТД оқытушы - ұйымдастырушысы Утебаева А. ұйымдастыруымен ауылымыздың тыл - еңбек ардагерлерінің шаңырағына барып кездесу ұйымдастырылды.Біз үшін Жеңіс күнінің маңызы ерекше. Әсіресе ұрпағына бейбіт өмір сыйлаған ардагерлерді ардақтау – перзенттік борыш.

Тылда еңбек еткен, соғыс жылдарының ауыр зардабын сезінген, көп жылдар бойы Ж.Махамбет ауылында қызмет етіп, бүгінде зейнеткерлік жастағы ардагерлер.Кездесу кезінде аталарымыз Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тылда еткен еңбектерін баяндап, ел басына күн туған заманда қайратымен жігерленген әрекеттері туралы айтып берді.Бізге бейбіт өмір сыйлаған бабаларымыздың ерлік ісі кейінгі ұрпаққа өнеге. Сол жандардың қайсарлығы мен табандылығының арқасында біз тыныш заманда өз Отанымызда өмір сүріп жатырмыз.

«Қарты бар елдің қазынасы бар» демекші, осындай ақылман, тілеуші қарттарымыз бар да, өскелең жас ұрпақ қай жағынан болсын ғибрат алары еш шүбә келтірмейді.Бізге бейбіт өмір сыйлаған бабаларымыздың ерлік ісі кейінгі ұрпаққа өнеге.

№268 мектеп-лицейінде 2023 жылдың сәуір айының 10-20-ы аралығында "Дене шынықтыру және АӘТД"апталығы аясында жоспарланған жоспарға сәйкес 10 "А" сыныбына "Тыныс алу мүшелерінің қорғау құралдары" тақырыбында ашық сабақ өткізілді.Сабақ барысында тақырыпқа сай бейнекөрсетілім көрсетіліп,жаңа тақырып түсіндірілді.Оқушыларды 3 топқа бөліп,3 топқа әртүрлі тапсырмалар берілді.Оқушылар берілген тапсырманы уақытында орындап, белсенділік танытты.Сабақ барысында жалпыәскери газтұмылдырық, оның атқаратын қызметі мен құрылысымен, газтұмылдырықты алып жүру мен қолдану ережелерімен танысты.Барлық оқушылар тыныс алу мүшелерін қорғаудың қарапайым құралдары туралы біледі,басқаларға үйрете алады.

9. АӘТД жағдайы педагогикалық кеңесте: 1 рет қаралды

(қашан, қандай сұрақпен, қысқаша шешім)

мектепте АӘТД пәні қай деңгейде жүргізілетіні қаралды. Баға (жақсы)

10. АӘТД курсының аяқталу салтанатына арналған әскери – патриоттық мереке

өткізілді

(өткізілді, қандай базада өткізілмеді)

11. АӘТД жағдайы

жақсы

(бағасы)

12. Жаңа оқу жылына төмендегідей оқу сынып жоспарлануда:

| | |
|---|---|
| 11 «А» сыныбы 1 Взвод-23 | 10 «А» сыныбы 3 Взвод-23 |
| 11 «Ә» сыныбы 2 Взвод-23 | 10 «Ә» сыныбы 4 Взвод-22 |
| | 10 «Б» сыныбы 4 Взвод-24 |

№268 мектеп – лицей директоры М.Абильдаев